



Ембі ТЫНЫСЫ

№2 (145)
АҚПАН
2026 ЖЫЛ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз

КӨРСЕТКІШ. ЖОСПАР. МЕЖЕ



Жаңару мен жарасымның жаршысы

Көктем – тек табиғаттың жаңаруы емес, адамның ішкі болмысының да жаңғыруы. Наурыздың самалы ескен сайын, жан дүниеге жылылық ұялайды.

Көктем – ізгіліктің мезгілі. Қар еріген сайын көңілдің мұзы да жібиді. Бүршік жарған ағаштай адам да жақсы сөзден гүлдейді. Соған сай, Наурыз айы Алғыс айту күнінен басталады. Бұл күн – ризашылық пен мейірімнің сәті. «Рахмет!» деген бір сөздің өзі кейде тұтас әлемге татиды. Ата-анаға тағзым, досқа құрмет, елге деген шынайы алғыс – берекенің бастауы, бірліктің негізі.

Ал, көктемнің екінші белесі – мейірім мен сұлулықтан жаралған нәзікжандылардың мерекесі. Әлемді әдемі ететін әйел заты – әр ошақтың жылуы мен тамыры, саясы мен панасы.

Көктемгі ізгіліктің тіні Көрісу күнімен жалғасалы. Қыстан аман шыққан ағайын бір-бірімен көрісіп, «Бір жасыңмен!» деп құшағын жаяды. Бұл – өкпе-наз ұмытылып, реніш еріген күн. Қол алысып, құшақтасқан әр жан – ұлттық ұстанымның, татулықтың көрінісі.

Шуақты шақтың шырайын келтірер Ұлыстың ұлы күні – табиғат пен тіршіліктің теңелер, күн мен түн үйлесім табар шақ. Бұл – жаңару, үміт, бастау.

Наурыз – ырыс, шуақ. Әр мерекесі – ізгілік, болашаққа сенім. Алғыс айту – жүректің тазалығы, Әйел-ана – өмір бастауы, Көрісу – ұлттық тамыр, Наурыз – жаңғыру.

Жаңару мен жарасымның жаршысы болған, жылылық, үміт, мейірім мен берекеге бастайтын гүл көктем құт-береке ала келгей!



ЕСЕПТІК КЕЗДЕСУ – ҰЖЫМШІЛІК КЕРІ БАЙЛАНЫСТЫҢ ШЫНАЙЫ КӨРІНІСІ

Есеп беру жиналысы – жай ғана атқарылған жұмысты тізбектеу емес, ұжым мен басшылық арасындағы ашық диалог алаңы. Мұндай кездесулердің ең басты қажеттілігі – басшы мен жұмысшының арасын жақындату, өзара сенім мен түсіністікті нығайту.

ЕСЕП БЕРУ ЖИЫНЫ БІЗГЕ НЕ БЕРЕДІ?

Біріншіден, есеп беру жиыны арқылы әр қызметкер компанияда атқарылып жатқан жұмыстар, стратегиялық жоспарлар, өндірістік көрсеткіштер мен алағы міндеттер туралы толық әрі нақты ақпарат алады. Әсіресе бұл мәліметті бірінші басшының өз аузынан естудің орны бөлек. Өйткені ресми ақпарат пен тікелей жүздесіп айтылған сөздің әсері екі түрлі: басшының ұстанымы, көзқарасы, компанияның бағыты айқын сезіледі.

Екіншіден, мұндай кездесулер компания ішілік кері байланыс орнатуға мол мүмкіндік береді. Жұмысшылар өздерін

толғандырған мәселелерді ашық айтып, ұсыныс-пікірлерін жеткізе алады. Бұл – басқару жүйесінің тиімділігін арттырып қана қоймай, ұжым ішіндегі өзара құрмет пен жауапкершілікті күшейтеді. Басшы үшін де өндірістегі нақты ахуалды тікелей еңбек адамынан есту – маңызды.

Үшіншіден, есеп беру жиналысы корпоративтік бірлікті нығайтады. Әр қызметкер өзін үлкен ұжымның бір бөлшегі ретінде сезінеді. Компания ішіндегі жаңалықтармен, жетістіктермен, өзгерістермен уақытылы таныс болу – қызметкердің сенімін арттырып, ортақ мақсатқа жұмылуына ықпал етеді.

Сондықтан есеп беру жиналысы – формалы шара емес, ұжымдық рухты бекемдейтін, басшылық пен жұмысшы арасындағы көпірді нығайтатын маңызды алаң. Ашықтық пен шынайылыққа құрылған мұндай кездесулер компанияның тұрақты дамуына негіз болады.

3 ➡

ЖАҢА АЙДАР

ӨНДІРІСТЕН СҰХБАТ

Газетімізде жаңа айдар – «Өндірістен сұхбат». Бұл алаңда әр құрылымдық бөлімшелердің басшылары басқармалардың бүгінгі тынысын саралап, жоспарларымен бөліседі және жеке ұстанымдары туралы баяндап, ашық пікір алаңына шығады. Сұхбат аясында өндіріс басшысының қызметтік қарым-қабілеті ғана емес, жеке адами болмысы да әңгіме өзегіне айналады.

Арнаулы айдардың бүгінгі қонағымен болған сұхбатымызды газетіміздің 4 бетінен оқи аласыздар



ҚМГ БАСШЫСЫ ПОЛИЭТИЛЕН ЗАУЫТЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС БАРЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ



«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Асхат Хасенов Атырау облысына жұмыс сапары барысында жылына 1,25 млн тонна полиэтилен өндіретін «Силлено» зауытының құрылыс алаңына барды.

Жоба Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың елімізде мұнай-газ-химиясы кластерін дамыту жөніндегі тапсырмасы аясында іске асырылуда және Қазақстанның өңдеу өнеркәсібі саласындағы ең ірі нысандардың бірі.

Қазіргі уақытта құрылыс жұмыстары екі негізгі технологиялық қондырғыда жүріп жатыр. Жобаның ілгерілеу көрсеткіші 22% құрады. Барлық жұмыс кестеге сәйкес жүргізілуде.

Этилен өндірілетін пиролиз қондырғысында қада қағу (89%) және іргетас құю (20% астам)

жұмыстары жалғасуда. Құбыр эстакадаларын орнатуға арналған жерүсті құрастырмалы темірбетон конструкцияларын монтаждау іс-шаралары басталды.

Екінші негізгі қондырғы – полимерлеу алаңында, сондай-ақ жалпызауыптық шаруашылық нысандарын салу бойынша 427 мың текше метр жер жұмыстары орындалды, 3 721 қада қағылды.

Биыл ірі габаритті жабдықтардың алғашқы легі, оның ішінде салмағы 1,5 мың тоннаға жуық және биіктігі 101 м болатын этиленді фракциялау бағаналары жеткізіліп, монтаждау жұмыстары жүргізіледі. Олар АтырауМұнайМаш зауытында дайындалуда. Сондай-ақ металл конструкциялары мен технологиялық құбырларды монтаждау басталады.

Бүгінде құрылыс жұмыстарына 1 300-ден аса адам (90% астамы – ҚР азаматтары) және 330-ға жуық техника жұмылдырылған. Зауыпты пайдалануға беру және алғашқы өнімді шығару 2029 жылға жоспарланып отыр.

Көптеген салада кенінен қолданылатын шикізат – полиэтилен өндірісі Қазақстанның импортқа тәуелділігін азайтып, қосылған құны жоғары өнім өндіруді дамытуға мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек, А.Хасенов ірі мұнай-газ химиясы жобаларын іске асыру мәселелеріне арналған жиын өткізіп, оның барысында Теңіз кен орнында салынып жатқан Газ сепарациялау кешенінің және магистралды этан және

пропан құбыржолдары құрылысының қазіргі жағдайы туралы есепті тыңдады. Бұл жобалар болашақ газ-химиясы өндірістеріне шикізат жеткізуді қамтамасыз етеді.

ГСК жобасының құрылысы қарқын алды: құрылыс алаңдарында қада қағу және кешеннің негізгі нысандарына арналған аумақты дайындау жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар қазақстандық қамту үлесін арттыруға бағытталған шаралар қолға алынды, жабдықтар мен құрылыс материалдарының бір бөлігі отандық кәсіпорындарда жасалуда. Қазіргі кезде құрылысқа 600-ден аса адам жұмылдырылды, оның 70% астамы Атырау облысының тұрғындары.

Магистраль құбыржолдардың жобасы бойынша 2025 жылдың соңында ЕРС-мердігер анықталып, жоспарлы дайындық жұмыстары жүргізілуде. Құрылыс-монтаждау іс-шаралары 2026 жылдың екінші жартысында басталады деп жоспарланған.

ҚМГ басшысы өңірдегі барлық ірі мұнай-газ химиясы жобаларының құрылыс кестесін қатаң сақтауды тапсырды.

<https://www.kmg.kz/press-center>



ИННОВАЦИЯЛАР, КАДРЛАР ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУЛЕР: МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУДЫҢ БАСЫМДЫҚТАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

ҚМГ-да ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек пен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Асхат Хасеновтің кездесуі өтті.

Кездесу барысында ғылыми-технологиялық ынтымақтастық саласындағы өзара іс-қимылды нығайту, ғылыми зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың (ҒЗТҚЖ) механизмдерін жетілдіру, мұнай-газ саласының басым бағыттары бойынша дуалды оқыту мен кадрларды даярлау мәселелері талқыланды.

ҚМГ басшысы ұлттық компания озық технологияларды ілгерілету, инженер мамандықтарын даярлау және саланың технологиялық бәсекеге қабілеттілігін нығайту үшін ғылыми ұйымдармен және академиялық қауымдастықпен жүйелі жұмысты жалғастырып жатқанын атап өтті.

— ҚазМұнайГаз геологияға, мұнай-газ кен орындарын игеруге, сондай-ақ мұнай-газ химиясына ерекше ден қоя отырып, 80 ғылыми-зерттеу тақырыбын қамтитын ҒЗТҚЖ бойынша ауқымды Жол картасын іске асыруда. Бүгінде біз білім беру мен зерттеу бағыттары бойынша 35 жетекші жоғары оқу орнымен тығыз ынтымақтастық орнаттық. Саланың технологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін ортақ ғылыми әзірлемелердің өнеркәсіпке енгізілуі біз үшін маңызды. ҚМГ өз тарапынан Ғылым министрлігімен еліміздің мұнай-газ секторы үшін ұзақ мерзімді ғылыми-технологиялық негізді қалыптастыру жөніндегі жұмысты жалғастырады, — деді А.Хасенов.

«ҚМГ Инжиниринг» ЖШС Бас директоры Рахым Өтеев ҒЗТҚЖ жобалары Атырау, Ақтөбе және Ақтау қалаларында өткізілген ғылыми-инновациялық хакатондардың қорытындысы бойынша құрылғанын айтты. Бұл жиындарға ҚМГ еншілес кәсіпорындарының, отандық жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдардың өкілдері



қатысты. Р.Өтеев ҚМГ негізгі кен орындарында тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтарды жүргізу және технологиялық сын-қатерлер жөніндегі іс-шараларды іске асыруға қатысты ғылыми қауымдастықпен жұмысты күшейтуге дайын екенін атап өтті.

Сонымен қатар кездесуде ҚМГ жасанды интеллектті қолдану арқылы әзірленген өзінің цифрлық шешімдерін ұсынды, соның ішінде АВАІ интеллектуалды кен орны платформасы және өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған TUMAR жүйесі бар. Бұдан бөлек, КМГ.AIAN жұмысы таныстырылды. Бұл отын балансын басқару тиімділігін арттыруды, жеткізу тұрақтылығын, отын дағдарысы тәуекелдерін барынша азайтуды және басқару шешімдерін қолдауды қамтамасыз ететін, еліміздегі мұнай өнімдерінің тапшылығы мен профитінің талдау мен болжауға арналған құрал.

Өз кезегінде, Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек ортақ жұмыстың

маңызына тоқталды.

— Бүгін біз ғылым, жасанды интеллект және индустрияны ұштастырған біртұтас өндірістік жүйені құрып жатырмыз. Қазақстанда қосылған құны жоғары өнімдерді жасауға бағытталған жобалар іске асырылуда. Бұл процеске қолданбалы инженерлік міндеттерді шеше отырып, нақты өндірістік алаңдарда тағылымдамадан өтетін студенттердің қатысып жүргені ерекше маңызды. Бұл салаға теориямен емес, ел экономикасы үшін дайын шешімдермен келетін мамандардың жаңа буыны қалыптасып жатқандығын білдіреді, — деді С.Нұрбек.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар ҒЗТҚЖ, цифрландыру, дуалды оқыту және салада сұранысқа ие кадрларды даярлау бағытындағы ынтымақтастықтың тетіктерін пысықтау үшін бірлескен жұмыс топтарын құруға дайын екенін растады.

<https://www.kmg.kz/press-center>

ТАҒАЙЫНДАУ

Ануарбек Каримов «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өндірістік қауіпсіздік департаментінің директоры болып тағайындалды.



Ануарбек Нұроллаұлы Каримов РАНХиГС, Қазақ мемлекеттік заң университеті, Атырау мұнай және газ институтында білім алған.

Еңбек жолын АМӨЗ ААҚ (ЖШС) бастады.

2012-2013 жж. «ҚазМұнайГаз» БӨ АҚ халықаралық келісімшарттар департаменті директорының орынбасары лауазымында еңбек етті.

2013 жылдан бері «Ембімұнайгаз» АҚ Заң департаментінің директоры, Перспективалы даму департаменті директорының орынбасары, директоры, Стратегиялық даму және жобалар қызметінің жетекшісі, Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры лауазымдарында жұмыс атқарды. **ЕТ**

Мұратбек Куримов «Ембімұнайгаз» АҚ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры болып тағайындалды.



Мұратбек Санбайұлы Куримов 1985 жылы туған, білімі – жоғары. 2007 жылы К.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің «Мұнай және газ кен орындарын игеру» мамандығын бітіріп, ал 2020 жылы Алматы Менеджмент Университетінің MBA (іскерлік әкімшілендіру магистрі) дәрежесін алды.

Еңбек жолын 2007 жылы «Бейкер Хьюз Сервисез Интернэшнл» корпорациясының Қазақстандағы филиалында кіші инженер-сейсмолог ретінде бастап, аталған мекемеде 3-санатты инженер-сейсмолог, бас инженер, сату жөніндегі менеджер лауазымдарында жұмыс атқарды. Халықаралық ВР (Әзірбайжан) және Qatar Petroleum (Катар) жобаларында жұмыс істеген.

2017 жылдың желтоқсан айынан бері «Ембімұнайгаз» АҚ Келешектік дамыту департаменті стандарттау және бизнес процесстерді оңтайландыру бөлімінің бастығы, Келешектік дамыту департаменті директорының орынбасары, Стратегиялық даму және тәуекелдерді басқару департаменті стратегиялық даму тобының жетекшісі, Стратегия және тәуекелдерді басқару департаментінің директоры лауазымдарында жұмыс атқарды.

2026 жылдың 2 наурызынан бастап «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының (Басқарма төрағасының) бұйрығына сәйкес, «Ембімұнайгаз» АҚ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры лауазымына тағайындалды. **ЕТ**

ЕСЕПТІК КЕЗДЕСУ – ҰЖЫМШІЛІК КЕРІ БАЙЛАНЫСТЫҢ ШЫНАЙЫ КӨРІНІСІ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Осы мақсатта «Ембімұнайгаз» АҚ-ның Бас директоры Ринат Ізмұханбет 2025 жылдың қорытындысына арналған ұжыммен есептік кездесуін өткізді. Өткен жылдың қорытындыларын саралаған жиында 2026 жылы жоспарға енген іс-шаралар ұжымға кеңінен таныстырылды.

Алғашқы жұмыс сапары «Жылыоймұнайгаз» МГӨ басқармасына қарасты Прорва кен алаңында өтіп, жиынға барлық өндірістік цехтардың өкілдері, учаске басшылары мен мамандар қатысты.



Кеңейтілген жиында өткен жылдың өндірістік-экономикалық көрсеткіштері жан-жақты талқыланды. 2025 жыл қорытындысы бойынша қол жеткізілген нәтижелер сараланып, өндіріс көлемі, еңбек қауіпсіздігі, технологиялық жаңғырту және тиімділік көрсеткіштері бойынша атқарылған жұмыстарға баға берілді.

Сонымен қатар, алдағы кезеңдегі негізгі міндеттер мен өзекті мәселелер нақтыланды. Қатысушылар өндірістегі қауіпсіздік мәдениетін арттыру, жоспарлы көрсеткіштерді орындау, инвестициялық жобаларды іске асыру және өндіріс тиімділігін арттыру бағытында ұсыныстарын ортаға салды.

Есептік кездесу ашық диалог форматында өтіп, ұжым тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауаптар берілді. Жылыойлық мұнайшылар тарапынан болған сауал-

дар негізінен кадрлық және әлеуметтік мәселелерге арналды.

«Жылыоймұнайгаз» МГӨ-дағы кеңейтілген жиыннан кейін Компания басшылығы Прорва кен алаңындағы инвестициялық жобалардың орындалу барысымен танысты.

Бұдан соң, Бас директордың қатысуымен компанияға қарасты «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы мен «Ембімұнайэнерго», «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» өндірістік-техникалық құрылымдарында кеңейтілген жиын өтті.

Аталмыш басқармалардағы кездесу барысында 2025 жылы атқарылған жұмыстардың нәтижелері жан-жақты баяндалып, өндірісті оңтайландыру бағытындағы шаралардың қолға алынуы, Еділ мен Жайық қос өзен аралығындағы басқармада жүзеге асырылып жатқан инвестициялық жобалардың бүгінгі орындалу барысы, жұмысшылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жақсарту бағытындағы шаралар жан-жақты талқыланды. Сонымен қатар өндірістік тұрақтылықты сақтау, заманауи технологияларды енгізу және негізгі құрал-жабдықтарды

жаңғырту мәселелеріне ерекше назар аударылды. Кейін осы тақырыптар төңірегіндегі талқылаулар «Ембімұнайэнерго» және ӨТҚЖЖК басқармаларында да жалғасты.

Бас директор Р.Ізмұханбет өз сөзінде әр құрылымның компанияның ортақ нәтижесіне қосқан үлесін атап өтіп, алғыс білдірді. Сонымен қатар, өндірістік тәртіпті күшейту, еңбек өнімділігін арттыру және тиімді басқару жөйіні дамыту түсу қажеттігін де атап өтті.

2025 жылдың қорытындысына арналған есептік кездесу «Қайнармұнайгаз» және «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармаларында қорытындыланды. Басқармаларға қарасты барлық цехтардан өкілдер қатысқан есептік кездесуде өткен жылдың игі шаралары тағы бір мәрте баяндалып, қайнарлық, доissorлық мұнайшылар алда кезегін күткен жоспарлармен танысты.

«Мұндай кездесулер өндірістегі тұрақтылықты қамтамасыз етіп, компанияның стратегиялық мақсаттарына жету жолындағы бірлескен жұмысты күшейтуге мүмкіндік береді», - деп Р.Ізмұханбет жылдың қорытындысына арналған кеңейтілген жиынды қорытты.



ТҮЙІН. Бүгінде 32 кен орнын игеріп жатқан «Ембімұнайгаз» АҚ 2025 жылы 2,850 млн тонна мұнай өндіріп, 2,822 млн тонна мұнай тапсырды. Мұнай өндіру мен тапсыру жоспары артығымен орындалды. Қосымша өнім алу өткен жылғы геологиялық-техникалық шаралардың дер кезінде орындалуымен, күрделі жөндеуден өткен ұңғымалардың есебінен және бұрғылаудан шыққан ұңғымалардың іске қосылуының нәтижесінен болды.

Ембіліктер 2026 жылда алдарына үлкен жоспар қойып отыр. Биылғы жылды «Рекордтар жылы» деп атау ұйғарылды. Себебі биыл ембіліктердің алдында ауқымды жұмыстар тұр. Биыл мұнай өндіру жоспары – 2,920 млн тонна болса, өнім тапсыру – 2,844 млн тоннаны құрайды. Жаңа жылдың алғашқы айы-қаңтарда өнім өндіру көрсеткіші межеден 5,664 мың тоннаға артығымен орындалды. Есептік кездесуде компания басшылығы бұл табыстың – ұжымдардың кәсіби біліктілігі мен үйлесімді еңбегінің нақты көрінісі екенін атап өтті. **ЕТ**



ЖАҢА АЙДАР

(Соңы. Басы 1-бетте)

Арнаулы айдардың бүгінгі қонағы – «Жайықмұнайгаз» МГӨ басқармасының бастығы Жасұлан Беркалиев. Өндірістік-құрылымдық бөлімшенің бастығымен болған ашық сұхбат алаңында бүгінгі беталыс, орындалған жоспар мен алағы межелер айтылып, тарихтан да сыр шертілді.

– Жасұлан Жанайұлы, әрине, жаңа жоспар құрмас бұрын өткенді қорытындылау маңызды. Сіз де өз кезегіңізде басқарма бойынша 2025 жылды қорытындылап, өндірістік көрсеткіштері сараласаңыз.

– 2025 жыл «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы үшін өндірістік тұрғыда жоспарды әрі нәтижелі аяқталған жыл болды. Жыл басында бекітілген негізгі көрсеткіштер толықтай орындалып, басқарма жұмысы өзіне жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен атқарды.

Атап айтқанда, жыл қорытындысы бойынша мұнай өндіру жоспары 100% орындалды. Сонымен қатар табиғи газ өндіру жоспары 87% орындалды.

2026 жылдың 1 қаңтарына басқарма бойынша игеру қорында 718 ұңғыма бар, оның ішінде: жұмыс жасап тұрғаны – 682 ұңғыма,



әркетсіз – 36 ұңғыма. Су айдау қорында 95 ұңғыма жұмыс жасап тұр.

Өндірілген мұнайдың ішінде елеулі үлес геологиялық-техникалық және ұйымдастыру-техникалық іс-шаралар есебінен қамтамасыз етілді. Жаңадан қазылған 5 ұңғымадан 6 690 тонна мұнай, ал ұңғымаларда жүргізілген 71 күрделі жөндеу іс-шаралары нәтижесінде 26 285 тонна мұнай өндірілді.

Басқа қабатқа көшу арқылы 2 384 тонна, бүйір оқпанды қайта бұрғылау арқылы 1 789 тонна мұнай алынды. Ұңғыма түбі аймағына әсер ету шаралары арқылы 31 431 тонна қосымша мұнай өндірілді. Бұл бағытта қосымша перфорация, қабатты гидрожару және саз-қышқылды өңдеу әдістері қолданылды.

Әрекетсіз қордан іске қосылған ұңғымалар арқылы 6 298 тонна мұнай, ал су айдау қорынан ауысқан және сақтау режимінен шыққан ұңғымалардан 1 193 тонна мұнай өндірілді.

Жалпы алғанда, 2025 жылғы нәтижелер – басқарма ұжымының үйлесімді еңбегінің, өндірістік тәртіптің сақталуының және қабылданған техникалық шешімдердің тиімді болғанының нақты дәлелі.

Сонымен қатар 2025 жылы құрылыс-жинақтау және күрделі жөндеу бағытында бірқатар маңызды нысандар пайдалануға берілді. Атап айтқанда, басқарма бойынша 18 ұңғыманы жайғастыру жұмыстары аяқталды. Оңтүстік-Батыс Камысты – С.Балғымбаев кен орындары

арасындағы мұнай құбыры 15,4 км ұзындықта жаңғыртылды. Оңтүстік-Батыс Камысты кен орнында кенішілік 35/6/0,4 кВ әуе электр желісі қайта жаңғыртылды.

– Ендігі кезекте биылғы жоспарлармен бөліссеніз?

– Негізгі мақсат – өндірістің тұрақтылығын сақтай отырып, мұнай мен газ өндіру көлемін арттыру және қолданыстағы қорды барынша тиімді пайдалану.

2026 жылға мұнай өндірудің жоспарлы көлеміне қол жеткізу мақсатында 7 (О.Ш.Новобогат-5, О.Б.Камысты-2) жаңа ұңғыма бұрғыланып, оның ішінде 3 көлденең және 4 тігінен ұңғыма болады.

2026 жылы 67 ұңғымада күрделі жөндеу, 693 ұңғымада жерасты жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

сақталуын қадағалау және апаттық жағдайлардың алдын алу көзделіп отыр.

Бағдарламалық қамтамасыз ету бойынша корпоративтік геоақпараттық жүйесі қазіргі таңда штаттық режимде жұмыс істеп тұр және өндірістік процесстерді бақылау үшін тұрақты пайдаланылуда.

– «Ембімұнайгаз» АҚ бойынша 2025 жылы басталған ірі инвестжобалардың біреуі «Жайықмұнайгаз» басқармасына тиесілі. Ілеспе мұнай газын кәдеге жарату – болашағы зор бастама. Бұл бағыттағы нақты нәтижелер мен келешек жоспарлармен бөліссеніз.

– Ілеспе мұнай газын залалсыздандыру және оны өндірістік айналымға енгізу – басқарма үшін стратегиялық маңызы бар бағыттардың бірі.

қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

– Ескі кеніштердің екінші тынысын ашу – бүгінгі талаптардың бірі. Осы орайда тиімділігі төмен кен алаңдарымен жұмыстар барысын білсек.

– Бұл бағыттағы жұмыстар 2019 жылдан бері жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Осы кезең ішінде тиімділігі төмен кен алаңдарында өндіруді арттыруға бағытталған бірқатар нақты технологиялық шаралар іске асырылды.

Атап айтқанда, 2019 жылдан бері 25 жаңа горизонтальді ұңғыма бұрғыланды. Сонымен қатар қабаттың өткізгіштігін арттыру мақсатында 35 ұңғымада қабатты гидрожару жұмыстары жүргізілді.

Бұдан бөлек, қолданыстағы ұңғымалардың әлеуетін тиімді пайдалану үшін 2 ұңғымада бүйір оқпан қазу жұмыстары орындалды. Аталған жұмыстар кен алаңдарының жұмысын жандандыруға, өндіру көлемін тұрақтандыруға және қолданыстағы қорды барынша тиімді игеруге мүмкіндік беріп отыр.

– Ұңғымалардың жөндеуаралық мерзімін ұзарту – Компанияның шығындарын оңтайландыру мақсатында қолға алынған әліс. Жайықмұнайгазда бұл іс-шара жақсы жолға қойылған ба?

– Ұңғымалардың жөндеуаралық мерзімін ұзарту – басқарма үшін өндірістік тиімділікті арттыру бағытындағы негізгі басымдықтардың бірі. Алдыңғы жылы бұл көрсеткіш 396 тәулік болса, 2025 жылы 421 тәулікке дейін ұлғайтылды. Алдағы мақсат – оны 500 тәулікке жеткізу. Осы нәтижеге қол жеткізу үшін ұңғымаларға сапалы сораптар орнатылып, әр ұңғымаға сәйкес дұрыс пайдалану режимі таңдалды. Сонымен қатар техникалық талдау жүргізу арқылы жиі істен шығатын ұңғымалар бойынша нақты шешімдер қабылданды.

2025 жылы жиі жөндеуді талап ететін проблемалы ұңғымалар саны қысқартылды, сондай-ақ ұңғымаларды жерасты жөндеу жұмыстарының жалпы саны да азайтылды. Геологиялық-техникалық және ұйымдастыру-техникалық шаралардың жүйелі орындалуы нәтижесінде жөндеуаралық мерзімі ұлғайту бойынша нақты әрі өлшенетін нәтижелерге қол жеткізілді.

– Әрине, негізгі тақырып та, меже де – өндіріс. Алайда, әлеуметтік тақырыптан да тыс қала алмаймыз. Ендігі ретте өндірісте осы ахуалды баяндап берсеңіз, жалпы айтқанда жатақхана, асханалардың ахуалы қандай?

– Күрделі жөндеу аясында 2025 жылы С.Балғымбаев кен орнындағы 100 орындық жатақхана демалыс орталығымен жөндеуден өтті. Сонымен қатар Оңтүстік-Батыс Камысты және Оңтүстік-Шығыс Камысты кен орындарындағы қазандар, сорғы қондырғылары, әуе желісі тіректері, әкімшілік ғимараттағы өрт сыйымдылықтарының шатырлары жөнделіп, өндірістік пайдалануға тапсырылды.

«Жайықмұнайгаз» басқармасына қарасты 10 жатақхана, 7 асхана жұмысшыларға қызмет көрсетіп келеді. Жұмысшыларға қолайлы жағдай жасау мақсатында соңғы 3 жылда Забурын, О.Б.Камысты, Балғымбаев кен орындары жатақхана ғимараттары күрделі жөндеуден өтті.

Биылғы жылы О.Ш.Камысты кен



БИЛІС-СҰХБАТ:

– Жалпы еңбек өтіліңіз?

– Мен еңбек жолымды 1988 жылы бастадым. Бүгінде өндіріс саласында 38 жылдық тәжірибем бар. Осы жылдар ішінде кәсіби қалыптасу, саланы дамыту және тұрақты нәтижеге қол жеткізу басты мақсатым болды.

– Соның ішінде басшылық құрылымдарда неше жыл?

– 1991 жылдан бастап басшылық бағыттағы қызметке ауысып, басқарушылық тәжірибемді қалыптастырдым. Қазіргі таңда басқару саласындағы еңбек өтілім 35 жылды құрайды. Негізгі басымдық – тиімді басқару және ұжымдық нәтижеге қол жеткізу.

– Хоббиыңыз?

– Бос уақытыма балық аулау және саяхаттаумен айналысамын. Бұл стратегиялық ойлауды жүйелеп, жаңа идеялар мен шешімдер қабылдауға оң әсерін тигізеді.

– Өмірлік ұстанымыңыз қандай?

– Мен үшін негізгі қағида – адамгершілік пен қарапайымдылық. Басқаруда да, өмірде де адами құндылықтарды сақтау – тұрақты табыстың негізі.

– Басшыла болуы керек ең маңызды қасиет қандай деп ойлайсыз?

– Басшының басты қасиеті – кішіпейілділік. Себебі тиімді менеджмент сенімге, ашық диалогқа және командалық жұмысқа негізделеді.

– Мұнайшы болмағанда, қай сала маманы болуыңыз мүмкін еді?

– Мұнай саласын таңдамаған жағдайда ішкі істер органдарында қызмет етер едім. Қоғамға қызмет ету және жауапкершілік – мен үшін әрқашан басты құндылық.

орны жатақхана/асхана ғимараты күрделі жөндеуден өтеді деп жоспарлануда. Сонымен қатар, бөлінген бюджетке сай соңғы 3 жылда жаңадан 10 операторлық вагон, 1 дана модульдік спорт кешені сатып алынды. Қаражатты үнемдеу мақсатында 2025 жылы 10 операторлық вагонға жәй жөндеу жұмыстары жүргізілді. С.Балғымбаев кен орнындағы ҰЖҚ ғимараты іші, О.Ш.Новобогат ғимараты сызбасына өзгерістер енгізілді. Басқармада мерекелік шаралар және спорттық ойындар, балық аулау жарысы, интеллектуалдық сайыстар үнемі ұйымдастырылып келеді.

«Жайықмұнайгаз» МГӨБ – 60 жылға жуық уақыт ішінде тек Атырау өлкесі деңгейінде ғана емес, ел көлемінде өзіндік орны бар, еліміздің экономикалық дамуына қомақты үлес қосышы басқарма. <#>

■ ФОРУМ

БОЛАШАҚҚА БЕЙІМДЕЛУ: «УАҚЫТ СЫНАҚТАРЫ: ТЕХНОЛОГИЯ, ҚАУІПСІЗДІК, ДАМУ»



Жасанды интеллект. Бүгінгі күннің ажырамас бөлшегіне айналған осынау жаңашылдық қауіп емес, ол – мол мүмкіндік беретін құрал. Технологиялық жетістікті қауіпсіз пайдалану арқылы дамуға жол ашылады. Халықаралық әйелдер күні қарсаңында «Ембімұнайгаз» АҚ-да «Мұнайшы қыз» әйелдер клубының ұйымдастыруымен өткен «Уақыт сынақтары: технология, қауіпсіздік, даму» тақырыбындағы форумда осы мәселе жан-жақты талданды. Оған компания басшылығы, ЕМГ өндірістік-құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері, сондай-ақ шақырылған қонақтар – KAZENERGY қауымдастығы, «Теңізшевройл» ЖШС, NCOC, С.Өтебаев атындағы АТМУ және Атырау облысы полиция департаментінің өкілдері қатысты.

Ашық диалог және сараптамалық сессиялар форматындағы форумға қатысушылар жасанды интеллектті кеңінен енгізуден бастап жеке цифрлық қорғау мәселелеріне дейінгі қазіргі заманның ең өзекті трендтерін зерделеді. Форумның ашылу рәсмінде Компания басшылығы таңдаған тақырыптың маңыздылығын атап өтіп, уақтылы көтеріліп отырғанын жеткізді.

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, «Мұнайшы қыз» клубының төрайымы Рысты Тасмағамбетова форумның негізгі мақсаты осы тақырыпты кеңінен саралау екенін атап өтті:

– Бүгін біз тез өзгеретін дәуірде өмір сүріп жатырмыз, онда кеше ғана қиял болып көрінген технологиялар бүгін жай құрал болып қана қоймай, тіршілік ету ортамызға, күнделікті өміріміздің бір бөлшегіне айналды. Әсіресе, жасанды интеллект адамзат дамуының жаңа кезеңін бастап отыр. Ол өндірісті оңтайландырады, білім мен медицинаны өзгертеді, қауіпсіздікті күшейтеді. Біздің форумның мақсаты – бұл өзгерістерді талқылау ғана емес, сонымен қатар, қызметкерлерімізге осы жаңа әлемде өздерін сенімді, сұранысқа ие және қауіпсіз сезінуге көмектесетін практикалық білім мен құралдар беру. Біз технологияларға саналы көзқарас пен өзімізге қамқорлық табыстың негізі екеніне сенімдіміз.

Панельдік сессияда жасанды интеллекттің өндірістік процестермен күнделікті өмірге әсері талқыланды. Сарапшылар жасанды интеллект мамандықтарды қалай өзгертетінін, қандай дағдылар өткенге айналатынын және керісінше, қайсысы маңызды болатынын егжей-тегжейлі талдады. Мамандарды оқыту және қайта даярлау, сондай-ақ, технологияларды сауатты және этикалық

пайдалану қажеттілігі мәселелеріне ерекше назар аударылды.

«Жасанды интеллект: қорқынышты ма, әлде пайдалы ма?» деген сауал аясындағы мәселелер көтеріліп, KAZENERGY қауымдастығының атқарушы директоры Ләззат Ахмурзина «ЖИ және өндіріс: қазіргі өзгерістер», «ЖИ өндірісте қазірдің өзінде қалай қолданылуда?» кейстерін талқылап, «ЖИ – бұл қауіп емес, құрал. Оны қорықпай, дұрыс қолдана білген маңызды» деген мәселені тарқатты.

Болашақтың мамандықтары. Уақыт көші алмасқан сәтте, кейінге шегеріліп, қажетсіз болатын сала өкілдері туралы да қазір жиі айтылады. Осы тақырыпты толық талдаған С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің Біліктілікті арттыру және қосымша білім беру институтының директоры Ақмарал Жалғасбаева «Мамандықтар трансформациясы: қайсысы өзгереді, қайсысының маңызы артады?» сауалына нақты жауаптар ұсынумен қатар, мамандарды оқыту, қайта даярлау жайын да көтерді.

«Теңізшевройл» ЖШС адам ресурсын басқару бойынша бас менеджері Кәмшат Байжанова және NCOC инженерлік жұмыстар бойынша топ жетекшісі Әсел Мухаммадиева тәжірибе алмасу мақсатында ЖИ және сандық технология жаңалықтары шетелдік азаматтардың үлес салмағы бар компанияларда қалай жүзеге асырылып жатқаны турасында талқылау жасады.

Пленарлық сессия денсаулық және сенім жауапкершілігінің тақырыбындағы сараптамалық әңгімеге жалғасты. Өзекті мәселе ретінде бүгінгі мамандардың денсаулығы, өндірістік процестердің тыныс алу жүйесіне, гормоналды фонға, репродуктивті денсаулыққа әсері туралы айтылумен қатар, Компанияның және әр маманның жеке жауапкершілігі де қозғалды. Бұл мәселені «Ембімұнайгаз» АҚ әлеуметтік саясат және ішкі коммуникациялар бөлімінің аға маманы Аламагүл Жұмалиева толық талдады.

Іс-шараның келесі блогы кибергиена тақырыбына арналды. Бүгінде қауіп экранның ар жағында тұр. Қарапайым парольден бастап, дербес деректерді қорғауға дейін әрқайсымыз цифрлық қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруымыз керек. Өйткені, бұл тек IT мамандарының міндеті емес, әр азаматтың күнделікті әдеті болуы тиіс. Ортақ мақсат – технологиядан қорқу емес, оны түсіну. Ақпараттық қауіпсіздік саласындағы мамандар заманауи цифрлық қауіптер, дербес деректерді қорғау әдістері және виртуалды кеңістікте өздерін және жақындарын қорғауға мүмкіндік беретін мінез-құлық ережелері туралы айтып берді. Киберқылмыс және жеке қауіпсіздік сессиясында ешкім ескертпейтін цифрлық қауіптер, жеке деректерімізді алаяқтардан

қорғау, банк карталарын, әлеуметтік желілерді, балалар мен қарт ата-аналарды қалай қорғауға болады деген сауалдарға Атырау облысы полиция департаменті Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасының жедел уәкілі, полиция капитаны Дәурен Мұханбеталиев баяндама жасаса, «Кибергиена күн сайын: Компания ішіндегі бүгінгі қауіпсіздікті қамтамасыз ету» тақырыбын «Ембімұнайгаз» АҚ ақпараттық қауіпсіздік тобының жетекшісі Исатай Теміров көтерді. Форумның шарықтау шегі «Ембімұнайгаз» АҚ қоршаған ортаны қорғау бөлімінің бастығы Салима Абитовамен мотивациялық сұхбат болды. «Әзгеріс әлеміндегі әйел» тақырыбындағы шағын подкаст қонағы өзінің қалыптасу және жеке өсу тарихымен бөлісті. Подкаст жүргізушісі, «Ембімұнайгаз» АҚ

геологиялық барлау жұмыстары бөлімінің аға геологы Жұлыз Арықбаеваның сауалдарына жауап жолдау арқылы Салима Жолдасқызы шынайы оқиғаларымен бөлісті. Кәсіпті өзгерту, өндіріс ішіндегі өсу және болашақ дағдылары: икемділік, оқыту, психологиялық тұрақтылық, үйрену бағытында жаңа мамандықты меңгеру ешқашан кеш емес деген пікірлерін ортаға салды.

Форум барысында KAZENERGY қауымдастығының атқарушы директоры Ләззат Ахмурзина «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, «Мұнайшы қыз» клубының төрайымы Рысты Тасмағамбетоваға Қауымдастықты дамытудағы үлесі үшін «KAZENERGY қауымдастығына – 20 жыл» естелік медалін табыстады. Аталған іс-шара аясында



ембілік мұнайшы қыздардың қолөнер бұйымдарының көрмесі ұйымдастырылып, келушілердің көңілінен шықты.

Форум бейімделу күшіне арналған залмен интерактивті жұмыстармен аяқталды. Практикалық жаттығулар арқылы қатысушылар өзгерістерге реакциясын зерттеп, олардан дамуың жаңа мүмкіндіктерін табуы үйренді.

«Уақыт сынақтары: технология, қауіпсіздік, даму» форумы әйелдер қауымдастығын біріктіру, тәжірибе алмасу және қазіргі заманның ең күрделі сұрақтарына жауап іздеу үшін маңызды алаңға айналды. ET

ТРЕНИНГ

ДИАЛОГ АРҚЫЛЫ ДАМУ: КЕЛІССӨЗ МӘДЕНИЕТІН ЖЕТІЛДІРГЕН ТРЕНИНГ



Сауатты әрі сапалы жүргізілген келіссөз – кез-келген ұйым табысының басты кепілі. Осы орайда «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлеріне арналған «Күрделі келіссөздерді ұйымдастыру және жүргізу» тақырыбында арнайы тренинг ұйымдастырды.

Аталғаноқытубағдарламасының негізгі мақсаты – қатысушыларда келіссөздер туралы жүйелі түсінік қалыптастырып, күрделі келіссөздердің психологиялық ерекшеліктерін терең меңгерту. Мамандардың айтуынша, күрделі немесе қатаң келіссөздер – психологиялық қысым, манипуляция және ультиматумдар орын алуы мүмкін жағдайлар. Мұндай форматтағы қарым-қатынастар көбіне уақыттың шектеулігімен, белгісіздікпен, қарсы тараптың агрессивті мінез-құлқымен немесе жоғары тәуекелдермен сипатталады.

Тренинг барысында қатысушылар агрессивті ықпал мен манипуляцияларға қарсы түру тетіктерін меңгеріп, психологиялық байланыс орнату және оны сақтай білу дағдыларын дамытты. Сонымен қатар психологиялық шиеленісті төмендету, келіссөздердің психологиялық негіздерін ескеру, қарсы тараптың мінез-құлқындағы агрессия белгілерін анықтау және оған тиімді жауап беру жолдары жан-жақты талқыланды. Оқу үдерісі тек теориямен шектелмей, тәжірибелік

жаттығулармен толықтырылды. Арнайы тренингтік ойындар арқылы қатысушылар сөздің нақтылығы мен сенімділігін арттыру, туындаған келіспеушіліктерді тиімді шешу тәсілдерін пысықтады. Нақты оқиға негізінде ұйымдастырылған дәріс барысында вахталық

кенттің асханасында туындаған проблемалық ахуалды шешу бойынша интерактивті диалог құрылып, практикалық тапсырмалар орындалды.

Қатысушылар өз жобаларын қорғап, презентациялар ұсынып, топтық талқылауларға белсене қатысты. Жаттығулар нәтижесі сараланып, қорытынды тұжырымдар жасалды.

Екі күнге созылған тренинг қорытындысында Компанияның өндірістік-құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен әлеуметтік сала мамандары курсты сәтті аяқтап, арнайы сертификаттарға ие болды.

Мұндай білім беру бастамалары қызметкерлердің кәсіби құзыретін арттырып қана қоймай, ұйым ішіндегі өзара түсіністік пен тиімді коммуникация мәдениетін нығайтуға ықпал етеді. **ET**

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

ТАРИХИ ЖЕҢІС: «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» ФУТБОЛ КОМАНДАСЫ – ЧЕМПИОН

«Ембімұнайгаз» футбол командасы XVIII Атырау қаласының ашық біріншілігінің жеңімпазы атанды.

Биылтыр желтоқсан айында басталған ашық біріншіліктің соңғы турының ойынында ембілік футболшылар «1 учасюк» командасын 4:0 есебімен жеңді. Бұл – тарихи жеңіс. Өйткені, «Ембімұнайгаз» командасы ашық біріншілікте осыған дейін екі мәрте: 2015, 2017 жылдары жеңімпаз болды. Биыл осы жетістікке 3 рет қол жеткізіп отыр. Бұл – ашық біріншілік тарихында болмаған көрсеткіш.

Тартысты ойындар барысында ептілік, шапшаңдық сияқты қарым-қабілеттерімен көзге түскен ембіліктер де аз болған жоқ. Мысалы, Сағытжан Каримов, Әлібек Амандосов, Алтынбек Косекен – ашық біріншілік қорытындысы бойынша тур үздіктерінің қатарына 2 рет кірген ойыншылар.



Айта кетейік, жалпы Атырау футбол Лигасына облыс көлеміндегі 93 команда қатысса, соның ішінде үздіктер топтасқан элиталық топ – Премьер лигада – 15 команда. «Ембімұнайгазбен» қатар Премьер лигада «РП», «АНПЗ», «Локомотив», «Kashagan-Maxwell», «Жаһан Атырау», «Атырау Жарық», «НСОС», «Мақат», «Индер» сияқты командалар енген.



Осындай қуанышты сәтте «Ембімұнайгаз» командасының капитаны Жақсылық АМАНДОСОВ-ПЕН жедел сұхбат ұйымдастырып, ойын туралы әсерімен бөлісуі сұралық.

– Команданың жеңісі құтты болсын! Қандай әсерлесіңіз?

– Біріншіден, баршаныңды осы тарихи жеңіспен құттықтаймын! Бұл чемпиондық – тек ойыншылардың ғана емес, бүкіл команданың ортақ еңбегі. Маусым бойы жақсы дайындық жасадық, әр жаттығуда барымызды салдық. Бір мақсат үшін бірігіп, бір-бірімізге сеніп ойнадық.

– Әрине, алаңдағы әр ойын тартысқа толы болғаны анық. Жалпы, қарсыластарды қалай бағалар еліңіздер?

– Ойын барысы оңай болған жоқ. Әр матч біз үшін үлкен сынақ болды. Қарсыластар да осал емес еді. Бірақ біздің бірлігіміз бен алаңдағы тәртібіміз жеңіске жеткізді. Ең бастысы – команда болып ойнай алдық.

– Тарихи жеңіс деп атадық. Соны тарқатып айтсаңыз...

– Иә, әрине. Биылғы жетістігіміз ерекше. 15 жылдық тарихы бар командамыз үшін бұл – үлкен белес. Бұрын-соңды болмаған нәтиже. Биыл 3 дүркін чемпион атанып отырмыз. Бұл – біз үшін де, бүкіл ұжым үшін де үлкен мақтаныш.

– Команданы қолдаудың да өзіңіздің күші, серпін беретіні сөзсіз...

– Өте дұрыс айтасыз. Осы жерде «Ембімұнайгаз» компаниясының басшылығына үлкен рахмет айтқым келеді. Командаға әрдайым аса қамқорлық танытып, барлық жағдайды жасап отырғаны үшін алғысымыз шексіз. Сіздердің қолдауларыңыз бізге үлкен күш береді.

Сонымен қатар, осы команданың 15 жыл бұрын құрылуына себепкер болған, оның іргетасын қалауға үлес қосқан Қуандық Мәдениетұлына ерекше алғыс білдіреміз. Оның бастамасының арқасында бүгін осындай нәтижеге жетіп отырмыз.

– Жанкүйерсіз ойын болмайтыны белгілі емес пе?

– Әрине. Жанкүйерлерге ерекше, үлкен рахмет! Сіздердің қолдауларыңыз бізге әр ойында жігер берді. Қиын сәттерде трибунадан естілген әрбір дауыс бізге күш-қуат сыйлады. Біз алаңға шыққанда сіздердің сенімдеріңізді сезінеміз. Осы қолдаудың арқасында соңына дейін күресіп, чемпион атандық.

Бұл жеңіс – барша «Ембімұнайгаз» ұжымына, басшылыққа және жанкүйерлерге ортақ жеңіс.

Біз – бір командамыз. Бұл – тек бастамасы!

– Сәттілік! **ET**



ІЗГІ ІС

Кітап – мәңгілік мұра, өмірлік азық, рухани қазына. Рас, қазіргідей интернет дамыған, күнделікті тірлікте гаджеттен ажырай алмай жүрген заманда кітап оқу дәстүрінің кемшін қалып жататыны жасырын емес. Рухани жұтаңдықтан сақтайтын, ұлағатты тәлім-тәрбиеге бастайтын кітап оқу дәстүрін әсіресе балалар арасында кеңінен насихаттау – бүгінгі өмір талабының бірі.

Таяуда осы бағытта көпке үлгі боларлық іс-шара өтті. Қызылқоға ауданының Миялы ауылындағы Б.Аманшин атындағы орта мектебінің ұстаздары оқушылар арасында кітап сайысын ұйымдастырды. Қызығушылық танытқан 30 оқушы «Өзбекәлі және мәдени майдан» кітабын таңдап, 1 ай мерзім ішінде оқып шықты. Кейін «Кітап – менің досым» тақырыбымен өткен қорытынды шарада кітап мазмұны төңірегінде өз білімдерін тест арқылы дәлелдеп, жеңімпаздар анықталды.

Осы шараға арнайы қатысқан әріптесіміз, «Жайықмұнайгаз» МҒӨБ №4 цехының машинисі

ӘРІПТЕСІМІЗ – КӨПКЕ ҮЛГІ



Роберт Гумаров топ жарып үздік шыққан 3 оқушыға қаржылай демеушілік көрсетіп, көпке үлгі боларлық іске өз үлесін қосты.

«Ұйымдастырылған шара аяқталысымен кітап оқитын балалардың өз орталары екі есеге көбейіп, керемет қызығушылықтарымен тағы

бір кітапты таңдауға ниет білдіріп жатқанын, балалардың түпсанасына кішкене болса да құндылықтың дәнегін екенімізге қуандық. Алдағы уақытта өзіміз туған Исатай ауданында да кітап сайысын ұйымдастырғмыз келеді» дейді әріптесіміз Роберт Гумаров. **ET**

Байшонас-95

ҚАРТ ЕМБІНІҢ ҮШІНШІ ПЕРЗЕНТІ

Қарт ембінің игерілуі – қазан төңкерісіне дейін және қазан төңкерісінен кейінгі жылдар болып екі кезеңнен тұрады. Қазан төңкерісіне дейін мұнайы Ембі ауданында Доссор (1911) және Мақат (1915) мұнай алаңдарынан өндірістік мұнай алынды. Октябрь төңкерісінен кейінгі жылдары Доссор мен Мақат өндірістерін қалпына келтіру жұмыстарымен қатар, өңірде жаңа кен орындарын іздестіру, барлау, бұрғылау жұмыстары кеңінен жүре бастады. Бұл жұмыстарға 1922 жылы құрылған «Ембімұнай» тресі тікелей басшылық етті. Мақат және Жылыой аудандарының аумағында жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде 1930 жылдардың ішінде Байшонас, Қосшағыл, Ескене, Сағыз кен орындары пайдалануға берілді.

Аталған кен орындарының ішінде Байшонас мұнай алаңының пайдалануға берілгеніне биыл 95 жыл толып отыр. Осы орайда Байшонас кен орны ашылуының, игерілуінің, дамуының аз-кем зерттеу нәтижесі оқырман назарына ұсынылып отыр.

Байшонас – 1931 жылы 10 наурызда пайдалануға берілген кен орны. Ол Атырау қаласының шығысында 100 шақырым, Доссор поселкесінен 40 шақырым жерде орналасқан. Алғашқы геологиялық зерттеулер 1925-1926 жылдарда геолог Шнеерсонның тобымен жүргізіліп, кен алаңы картаға түсірілген. Басқа да геологиялық шаралар жоспарланып, бұрғылау нүктелері бейнеленген.

Сеймикалық түсірмелердің мәліметтері нақтыланып, кен орнындағы терең бұрғылау жұмыстары 1927 жылы басталды. Өндірістік мұнайдың алғашқы ағымдары 1930 жылы Оңтүстік Байшонастың юра қабатынан бұрғыланған №101 ұңғымада кездесті. 1931 жылдың алғашқы айларында қазылған 4 ұңғыманы өндірістік мұнай алуға дайындап, 1931 жылдың 10 наурызында пайдалануға қабылдаған.

Бұл қуанышты жаңалықты Гурьев округінің «Трудовая правда» газеті 11 наурыздағы 21 санында «Привет Байшонасу» деген тақырыппен жариялады. Осы төрт ұңғыманың архив қорынан анықталған сипаттамасы мынадай: №101 ұңғыманы бұрғылау 1929 жылдың 27 тамызында басталып, 1930 жылдың 1 наурызында аяқталған. Тәуліктік өнімі 1,3 тонна құраған.

№106 ұңғыма-26.05.1930-15.03.1931ж. Өнімі-6,8 тонна.

№107 ұңғыма-26.04.1930-08.03.1931ж. Өнімі-2,4 тонна.

№110 ұңғыма-05.02.1931-10.03.1931ж. Өнімі-1,0 тонна.

Сол жылдың соңына дейін пайдалану қорында 13 ұңғыма болған. Кен орнынан алғашқы жылы 4,5 мың тонна сапалы мұнай өндірілді.

Кен орнын бұрғылау мекемесі жұмысшыларының мекен-жайлары маңында алғашқы мұнай өндірушілердің отбасыларының баспаналары пайда бола бастады. Кейінгі жылдары елді мекеннің нақты орны белгіленіп, бірнеше пәтерлік барак типтес тұрған үйлер салына бастаған. Мұнайшылардың, бұрғылаушылардың тұрмыстық жағдайын назарда ұстаған трест басшылары наубайхана, дәріхана, емхана, асхана, балабақша, мектеп, клуб, монша, кітапхана, почта, байланыс жүйесі құрылыстарын жүргізген.

Байшонас мұнайшылары үшін ауыз су мәселесі өзекті мәселенің бірі болды. 1926 жылы пайдалануға берілген Гурьев-Доссор тартабанды темір жолымен жеткізілген Жайық суын Байшонастықтар көлікпен тасымадап ішті. 1938 жылы іске қосылған Гурьев-Қосшағыл су құбырымен келген су мұнайшылардың ауыз су тапшылығын толықтай шешті. Ал,

Бекмағамбетов, Оразғали Өтегенов, Оразбай Шыныбеков, Әмір Қуанышев, Әбдірахман Текелбаев, Теңелбай Иманғазиев, Ондағаш Хасанов, Жаңылсын Еламанова, т.б. еңбектері өлшеусіз еді.

1940 жылдардың басында Байшонаста мұнай қабаттарының бірнешеуін қатар игеру әдісі іске асырылды. Бұл ұсыныс Мәскеудің мұнай институтын 1940 жылы геолог мамандығы бойынша бітіріп келген, сол жылы Байшонас кәсіпшілігіне Бас геолог болып тағайындалған Жолдасқали Ахметұлы Досмұхамбетов тарапынан түскенді. Аталған ұсыныс «Ембімұнай» тресінің тарапынан кеңінен зерттеліп, жан-жақты қолдау тауып, мұнай өнімін мол алуға мүмкіндік берді. Соғыс басталған 1941 жылы Байшонас кәсіпорны Одақ бойынша «Үздік кәсіпшілік» атағына ие болды.

кеңінен жарияланып отырды.

Майданға аттанған ер азаматтардың орнына әйелдер, жасөспірімдер келіп, оператор, тракторшы жүргізуші, жөндеуші, электромонтер мамандықтарын игеріп, еңбек ете бастайды. Мұнай учаскелері ұйымдары өндірістің ішкі мүмкіндіктерін тиімді пайдалана отырып, мұнай өндіру көлемін арттырды, еңбек табыстарын молайта түсті. Мұнайшылар ортасында стахановшылар қатары көбейе түсті.

Мақат ауданы комсомол жастарының ұйымдастырған сенбіліктері мен жексенбіліктерінен жиналған 1,5 мың тоннадай мұнай 1943 жылы мамыр айында арнайы эшелонмен Ленинград қорғаушыларына жеткізілді. Делегация құрамында Байшонастық мұнайшы оператор Қоңырша Сүлейменова да



өндіру бригадасы жұмыс істеді. Оның жетекшісі болып Балғаным Нұртасқызы Достаева тағайындалды. Б.Н.Достаева кейіннен үш мәрте КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. Мұнай өндіру учаскелері арасында мол табыстарға жеткен жұмысшылардың бірі – мұнай өндіру шебері Әбдеш Байарыстанов басқарған 4-учаске еді. Ә.Байарыстанов 1940 жылы алғашқылардың қатарында «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медалімен наградталған. Сұрапыл жылдардағы оның еңбек тәжірибесі КСРО мұнай министрлігі тарапынан қолдау тауып, мұнай өндірісі ұжымдарында кеңінен таратылған. Оның іс тәжірибесінде қысылтаяң шақта тербелмелі станоктың кейбір бөлшектерін ағаштан да жасаған кездері болған. 4 жылға созылған сұрапыл кезеңде Байшонастық мұнайшылар 1 млн 200 мың тонна мұнай өндірген.

Ә.Байарыстановтың шәкірттерінің бірі, еңбек жолын 16 жасында оператордың көмекшісі болып бастаған Набира Шағырова қажырлы еңбегімен табыстарға жетті, кейіннен ол «Социалистік Еңбек Ері» атанды.

Әбдеш Байарыстанов 1944 жылы еңбектегі табыстары үшін, алғашқылардың бірі болып, Ленин орденімен марапатталды. Ал, 1951 жылы оның омырауына Ленин ордені екінші мәрте тағылды.

Қан майданнан оралған майдангерлер алған жаракаттарына қарамастан өндіріске оралып, жас мұнайшыларды тәрбиелеп, мұнайшылық қызметке қалыптастырды. Байшонастықтар соғыстан кейінгі жылдары ескі қордың өнімділігін төмендетпеу мақсатында тиімді шараларды іске асырды. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумы жарлығымен 1951, 1952, 1953, 1954 жылдары көбейген Байшонастық мұнайшылар мемлекеттік орден, медальдармен марапатталды.

Байшонастықтар кейінгі жылдарда да ескі қордың барлық мүмкіншіліктерін пайдаланып, жоспарланған деңгейде мұнай өндіріп тұрды.

1964 жылы ашылған Қарсақ кен орны Байшонастық мұнайшылардың күшімен игерілді, әлі де игерілуде.

1967-1968 жылдары екі өзен аралығында жаңа Мартыши кен орнын игеруге Байшонастық мұнайшылар ат салысты.

Бүгіндері алғашқы Байшонастық мұнайшылардың екінші, үшінші буын ұрпақтары Ботақан кен орнын игеруде.

Байшонас мұнай кәсіпшілігі 1970 жылдан Доссор мұнай-газ өндіру басқармасының құрамына енгізілді.

Байшонас мұнай кәсіпшілігін әр жылдары Жолдасқали Досмұхамбетов, Рақымжан Сағындықов, Юзиков, Дрогалин, Орынбай Бердіғожин, Қуаныш Қудабаев, Сары Жүсіпов сияқты білікті мамандар басқарды.

Орақ ДЕНГЕЛБАЕВ,
өлкетанушы,
Мақат ауданының Құрметті азаматы, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері

(Суреттер архивтен алынған)



Кен алаңының 50 жылдығына арналған салтанатты жиын

1938 жылы Байшонас елді мекеніне қала типтес жұмысшылар поселкесі статусы берілді.

Байшонас кен орнынан мол мұнай алу мақсатында бұрғылау жұмыстары қарқынды жүрді. 1938 жылы 7 қаңтарда кен орнының Шығыс учаскесінде 328 барлау ұңғымасынан мұнай бұрқағы атқылады. Алғашында қайнау қысымы 8 атм. болды. Бұл жағдай Байшонастың үлкен болашағы бар екенін дәлелдеді.

1932 жылдан бастап Гурьев-Доссор тартабанды теміржолының Первомайск, Ескене, Байшонас, Тентексор тармағы жұмыс істеп тұрды. Бұл теміржолдың Байшонас өндірісі мен мұнайшыларын қажетті құрал-жабдықтармен, азық-түліктермен қамтудағы рөлі өте зор болады.

1932 жылдың ақпанында Мәскеуде өткен XVII партконференцияда мұнай алаңдарын зерттеу, бұрғылау, және мұнай өндіруді арттыру мәселесі талқыланды. Сөйтіп алғашқы бесжылдықтарда Ембі өңірінде бұрғылау жұмыстарына бөлінетін қаражат көлемі көбейді, жаңа технологиялар кеңінен пайдаланып, барлау, бұрғылау, пайдалану, жұмыстарының көлемі артты. 1938 жылы пайдалану қоры 92 ұңғыма болса, 1940 жылы оның құрамы 198-ге жетті.

1940 жылғы мұнай өндіру көлемі 278,0мыңтоннанықұрады. Бұл табыста кен орнын алғашқы игерушілер: Әбдеш Байарыстанов, Ә.Мұқатаев, ағайынды Мұқатовтар, Дәулет Орынбаев, Ә.Мұхамбеталиев, Дәулетияр Қайыржанов, Төлеп



Байшонас кен алаңының операторлары Қошанов пен Шайдулов жұмыс үстінде

Соғыс жылдары Байшонастық мұнайшылар «Бәрі де жеңіс үшін, бәрі де майдан үшін» ұрандарымен жігерленіп, ерен еңбектің үлгісін көрсетті. Мұнайшылардың соғыс жылдарындағы қажырлы, табысты еңбектері туралы облыстық «Социалистік құрылыс», «Прикаспийская Коммуна», аудандық «Социалистік Емба» газеттерінде

болды. Байшонастық бұрғылау шебері Шаймерден Құлшықов басқарған бұрғышылар Тентексор мұнай алаңынан №11 ұңғымадан қуатты фонтан алды. Тентексор учаскесіндегі мұнайдың мол өнімдері Байшонас мұнайшыларының табыстарын арттыра түсті.

Сол жылдары Байшонас әйелдерден құралған мұнай

Бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербететін әйелдердің Ембі өндірісінде айшықты қолтаңбасы бар. Аталған саладағы алғашқы жұмысшылар табы қалыптасқан кезеңнен бастап, жаңа бағытқа бет бұрған білікті мұнайшы әйелдерден басталған сара жолды қазіргі ембіліктер табысты жалғастыруда. Кен алаңдарындағы ауқымды жұмыстар легін жалғастырып, тер төгіп жүрген нәзікжандылар «Мұнай-газ өндіруші сала – ерлердің әлемі» деген стереотипті бұзды.

Әйелмен әлем әлемі. Расында да жұмыс тізгіні мен отбасылық тұрақтылықты, жайлылықты тең алып жүру, баласын сақтау, айналасына шуақ шашып, шаңырақтың берекесін келтіру – әйел-аналардың өмірлік миссиясы. Халықаралық мереке қарсаңында біз де бір топ әріптестеріміздің жұмыстан тыс өмірлерінің бір сәтіне – бір-біріне ұқсамайтын жеке қызығушылықтарына тоқталып, әйелдің әркез әлемі әлеміне енуді жөн көрдік.



Нұрсұлу УСПАНОВА,
«Жайықмұнайгаз» МГӨБ Геология және мұнай-газ кен орындарын игеру бөлімі бастығының орынбасары:

– Біз – мұнайшылар отбасымыз. Жолдасым да осы салада. Ембі өндірісіндегі жұмысымды оператор болып бастадым. Оңтүстік-Батыс Қамысты, Жанаталап және Забурын кен орындарында геолог қызметтерін атқардым. Соңғы 10 жылдан бері Басқару аппаратында еңбек етіп келемін. Жұмыста берілген тапсырмаларды тиянақты, сапалы орындауға тырысатын маман болсам, үйде – әйелмін, анамын. Ұлттық ұстанымдарымызға сай, қонақ күткенді, шақырағанды жақсы көремін. Отағасы да, мен де көпбалалы отбасыдан шыққанбыз, әрі үйдің үлкеніміз. Сондықтан, төрімізден қонақ үзілмейді.

Табиғи жаратылысымыздың өзі нәзіктікке бейім болғандықтан, гүл, жеміс ағаштарын өсіргенді жақсы көремін. Сондай-ақ, табиғаттағы әдемілікті фотоға түсіргенді ұнатамын. Фотоларды еш жерге жарияламаймын, тек көрген әдемілігімді жадымда сақтап қалуға тырысумен қатар, көрер көзді тыныштандыратын, эстетикалық ләззат сыйлайтын жұмыс ретінде өзіме жинақтап жүремін.

Кітап оқитын бұынның өкілі болғандықтан, қазақ жазушыларының туындыларын көп оқимын. Уақытымды бос өткізбеуге тырысамын.

Мейрамгүл ҚАЙНАРБАЕВА,
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ мұнай дайындау және айлау цехының химиялық анализ талдау лаборанты:

– Отбасы – әр адамның өміріндегі ең қымбат, ең ыстық ұғым. Мен үшін де отбасым – тірегім, қуанышым және мақтанышым. Біздің отбасымыздың өзіндік тарихы, берекелі бірлігі бар.

Жолдасым мұнай саласында еңбек етеді. Біз осы салада жұмыс барысында танысып, ортақ мақсат пен түсіністік бізді жақындастырып, бас қостық. Еңбексүйгіштік пен жауапкершілік – отбасымыздағы басты құндылықтардың бірі.

Екі ұл, екі қызымыз – өміріміздің мәні, жүрегіміздің шаттығы. Үлкен ұлымыздың домбыраны серік етіп, ұлттық өнерге деген қызығушылығы бізді ерекше қуантады әрі мақтаныш сезімін сыйлайды. Екі қызымыз сурет салуды жақсы көреді. Қиялы ұшқыр, өнерге жақын балаларымыздың әр жетістігі бізге үлкен шабыт береді.

Өзгелерден ерекше хобби емес шығар, бірақ, кулинариямен айналысу, ас үйде отбасымыздың сүйікті тағамын дайындау маған ерекше шабыт сыйлайды. Соның ішінде төрт пісіргенді ұнатамын. Эстетикалық ләззат аламын.



«Менің әлемім...»



Майра МЫРАДОВА,
Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен басқармасының №4, №6 қайтарым қоймасының қоймашысы:

– Ембі өндірісінде еңбек еткеніме ширек ғасыр уақыт жақындап келеді. Жұмысыма жауапкершілікпен қарау, уақытылы есебін жүргізу – қызметтік міндетім. Жақсы ұжымда, үлкен компанияда еңбек ететінімді мақтан тұтамын.

Ал, жұмыстан тыс уақытта мен – әйелмін, анамын. Қазіргі уақытта балаларымды аяқтандырып, ұлды ұяға, қызды қияға қондырған бақытты анамын. Немере-жиендерімнің қызығын көріп отырған аяулы әжемін.

Әрине, әркімнің өзінің жанына жақын ісі болады. Хобби деп айтуға келмес, бірақ, мен жиын-тойларда, қонақтықтарда қазан-ошақтың басында жүремін. Жалпы, табақ тарту, ет асуды келіндерге үйретуіміз керек деген ұстанымдамын.

Тағы бір өзгелерден ерекшелуеу тұсым – қолымда екі келінім бар. Оларға білгенімді үйретуден жалықпаймын. Татумыз, бар шаруаны бірлесіп жасаймыз. Келіндерім де бірін-бірі жақсы түсінеді, үнемі қолдайды. Мен де өз кезегімде оларға өз қызымдай қараймын. Барлығы да сыйластыққа байланысты деп ойлаймын.

Қазіргі уақытта тәрбие мәселесі, ұлттық дәстүрлерді дәріптеу жайы өзекті болып жатқан тұста, өзім сүйіп айналысатын осынау ісімнің мәні зор деп білемін.

Роза САНИЕВА,
«Ембімұнайэнерго» басқармасының сым ораушысы:

– Өндірістің тоқтаусыз жұмысына ықпал етіп келе жатқан жандардың қатарында сым ораушымын. Үздіксіз жұмысты қамтамасыз етіп, үлкен үлес қосып келемін.

Еңбек жолында мұнайшы болсам, үйде – жар, ана, асыл әжемін. Жолдасым екеуміз ұл-қыз өсіріп отырған ата-анамыз, немере, жиендеріміз бар ата-әжеміз.

Сонымен қатар, өзімізге жақын іс бар, ол – мал шаруашылығы. Қазіргі уақытта асыл тұқымды Ақбас сиырларды бағып отырмыз. Күнделікті олардың бағымы, сауу жұмыстары – өміріміздің айналасы бір бөлшегі.

Мал ұстаудың өзіндік қиындығы да, рахаты да бар. Сүт, қаймақ, айран, ірімшік дастарханымыздан үзілмейді. Әрі қарай осы сиырларды көбейту, шаруашылығымызды дамыту – мақсатымыз.



Орынгүл УРАЗАЛИЕВА,
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Қосшағыл мұнай және газ өндіру цехының мұнай және газ өндіру операторы:

– Ата-анамнан ерте қалып, мұнайшы болып еңбек ететін аға-женгемнің қолында өсіп, Қосшағыл өндірісіне жұмысқа тұрдым. Акінген кен орны ашылған кезде, сол жаққа ауыстым. Кейін уақыт өте келе, тәжірибемді молайтып, мұнай-газ өндіру операторы болып еңбек етіп келемін.

Отбасымызда ұл-қыздарымыз бар. Ұлдарымызды ұяға, қыздарымызды қияға қондырдық. Балаларыма өмірден өткен әкелерінің орнын жоқтатпай, еңбек етіп, отбасының тірлігін де келістіруге тырысып келемін.

Соңғы жылдары спорттық

жүруді қолым алып, денсаулығымды күтуге ден қойып келемін. 30 минут жүрудің өзі денсаулыққа пайдалы деседі, мен екі мезгіл жүремін. Әсіресе, таңғы уақытта жүру жаңа күніме күш-жігер береді. Өзіңді жеңу, еріншектіктен құтылу үшін қадам жасаудың өзі осыдан басталады. Бұл хоббиым жаңа жоспарлар құрып, таңғы ауамен тыныстауға, өзінмен өзін уақыт өткізуге, айналама үлгі болуға бастап келеді. Қолым босай қалса, кітап оқимын. Өмірдің әр сәтінен рахат алу – құлшынысты арттыратын қадамдар.



Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы:
Қоғаммен байланыс тобы

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2024 жылғы 18 қаңтарда № КЗ69VPY00085699 куәлігі берілді.

Газет айына 1 рет шығады.
Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.
G.Karajanova@emg.kmg.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-66, 21-166
I.Satylganova@emg.kmg.kz

Г.Амирова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309
G.Amirova@emg.kmg.kz

Баспахана: «Реформа» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қаласы

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Р.Тасмағамбетова – Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

К.Әбенов – Бас директордың кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары;

А.Идрисов – Басқарма төрағасы қызметінің жетекшісі;

Н.Есмағамбетов – Мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

М.Куримов – Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры;

Ғ.Қаражанова – Қоғаммен байланыс тобының жетекшісі;

Г.Қулетова – «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның әлеуметтік желілердегі парақшаларына тіркеліңіздер!

Telegram - «Ембімұнайгаз» АҚ

Instagram - @embamunaigas.kz

TikTok - @embamunaigas

Facebook - Ембілік Мұнайшы

You tube – «Ембімұнайгаз» АҚ



«Ембі тынысы» газетін осы QR код арқылы да оқи аласыздар.